



Автор: Тыныштық Асемгул Байболқызы
Пән: Әдебиеттік оқу
Сынып: 3-сынып
Бөлім: Өнер
Тақырып: Өнер-білім бар жұрттар

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.3.3.1 – шығармашылық жұмысын жұмбақ-өлең түрінде ұсыну.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады. Көптеген оқушылар: шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды. Кейбір оқушылар: берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.
Тілдік мақсаттар:	әдебиет
Күтілетін нәтиже:	Дүниетану, қазақ тілі.
Бағалау критерийлері:	□ мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады. □ шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды. □ берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқуға, білімге деген қызығушылығын арттырып, еңбекке баулу. Жеке және топта жұмыс жасай алу, ынтымақтастық.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану, қазақ тілі.
Бастапқы білім:	5-тарау өткен төрт тараудан(1-4) алынған білім мен дағдыларға сүйенеді. Оқушылар алдыңғы өткен құрылымды (шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетіне баға беруді, мәтін бойынша өздігінен сұрақтар құрастырып, мүмкін болатын жауаптарды болжап, жоспар құруды үйрену) ұстанып, әңгімелерді жоспарлап, мазмұнын айта және өз ойын жаза алуы керек

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Жаңа топ құру Психологиялық ахуал қалыптастыру. Ұқсастық шегі Қатысушылар жұптасып отырады. Жұбына қарап, ұқсастықты тауып жазады. Ұқсастығын оқып, ой бөліседі 7 «Дәптерлер» арқылы топқа бөлінеді. Оқушыларды қалаған дәптерлерді алып, 1,2,3 топтарға бөлініп отырады. Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) Тест. ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	
Сабақтың ортасы	Тыңдалым. Ы. Алтынсарин. «Өнер-білім бар жұрттар» 1-тапсырма. Жұптық жұмыс. Өлеңді пайдаланып, жұмбақ айтыс ұйымдастырыңдар. 1- оқушы: Аты жоқ құр арбаны Мың шақырым жерлерге Күн жарымда барғызған. Ол не? 2- оқушы: Аты жоқ құр арбаны Мың шақырым жерлерге Күн жарымда барғызған – Пойыздар ғой зырлаған. Бағалау. Жұптар бір-бірін бас бармақ арқылы бағалайды. Топтық жұмыс. Өлеңнің қай шумақтары саған әсер етті? Сол шумақтар бойынша қандай сурет салар едіңдер? I топ. Айтыс өнерінің қандай ерекшеліктері бар? II топ. Айтыскер ақын қандай қасиеттерге ие болу керек? III топ. Түсіндіріп жаз. Суырыпсалма	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау» Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады. ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау. «Ойлан, Жұптас, Пікірлес» Оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгенен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған интербелсенді тәсіл. Тақтада сұрақ/тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалімнің екі-үш жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрауына болады	
Рефлексия	Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда) «Алма ағашы» кері байланыс.	